

## Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Шығыс Қазақстан облысы

№261

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі, Ереже және ШҚО ПД бұйрық 24.02.2022 жылғы №103 негізінде әрекет ететін Басшысы Бекпаев Ербол Зарыпханович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "I.Pixel" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғы негізінде әрекет ететін Басшысы Оглуздин Анатолий Николаевич атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және «2022-10-14» жыл № 8448522-ЗЦП1 «Бағалы ұсыныныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

### 1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді: ерекшелігі бойынша 001-015-149 Автокөлік бөлшектерін сатып алу;

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

### 2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 8 999 999.78 (сегіз миллион тоғыз жүз тоқсан тоғыз мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз тенге жетпіс сегіз тиын) ) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 964 285.70 тенге (тоғыз жүз алпыс төрт мың екі жүз сексен бес тенге жетпіс тиын) (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт 001 Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер бюджеттік бағдарламасы, 015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бағдарламасы, 149 Өзге де қорларды сатып алу ерекшелігі бойынша - 8 999 999.78 (сегіз миллион тоғыз жүз тоқсан тоғыз мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз тенге жетпіс сегіз тиын) оның ішінде ҚҚС 2022 жылы тіркеуге жатады.

2.3 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшадай қаражат аудару арқылы жүргізеді.



2.4 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.5 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

1) аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;

2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есеп;

5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

### **3 Тараптардың міндеттемелері**

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 269 999.99 ((екі жүз алпыс тоғыз мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз тенге тоқсан тоғыз тиын)) құрайтын Шарттың жалпы сомасының 269 999.99 теңгеге тең 3 (үш) пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін, төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 38-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ осы Қағидаларға 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

### 3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

### 3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

### 3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және од үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды



мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

#### **4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру**

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 3 күн ішінде ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

#### **5 Тауарларды жеткізу және құжаттама**

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған



елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер қазақстанда шығарылған жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан да көп бірлікті құраса, онда Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға сәйкес жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

## **6 Кепілдік. Сапа**

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;



3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

## **7 Тараптардың жауапкершілігі**

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім беруші өзгерістерді тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі.



берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шартты бұзған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз ету соманы қайтармайды.

7.9 Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Өнім беруші Шарттың қолданылу кезеңінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда Өнім берушіге қайтарады.

## **8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары**

8.1 Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2022-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді соманы енгізбеу жолымен Шарт жасасудан жалтарса кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген және жайларда байланысты жайы туралы кезде Өнім беруші Шарт Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

## **9 Хабарлама**

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

## **10 Форс-мажор**

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

## **11 Даулы мәселелерді шешу**

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

## **12 Өзге де шарттар**

12.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге Заңның 45-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың



12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

### 13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:  
"Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
министрлігі Шығыс Қазақстан облысының  
Полиция департаменті" мемлекеттік  
мекемесі  
Восточно-Казахстанская область, г.Усть-  
Каменогорск, Проспект Шакарим, 1  
БСН 940640000511  
БСК ККМFKZ2A  
ЖСК KZ48070102KSN1801000  
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық  
Комитеті" РММ  
Тел.: 23-46-88  
Басшысы Бекпаев Ербол Зарыпханович

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын  
(факторингті) басқаға беру арқылы  
қаржыландыру шартын жасасқан кезде  
қаражат алушы):  
"I.Pixel" жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі  
Восточно-Казахстанская область, г.Усть-  
Каменогорск, имени Александра  
Протозанова, 117  
БСН/ЖСН 091140003918  
БСК NURSKZKX  
ЖСК KZ6284908KZ000020505  
"Нұрбанк" АҚ  
Тел.: 8 7232 215650  
Басшысы Оглуздин Анатолий Николаевич

Аббревиатураларды таратып жазу:  
БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;  
БСК – банктік сәйкестендіру коды;  
ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;  
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;  
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;  
ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;  
ҚҚС – қосылған құн салығы;  
Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты



## Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 8448522-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
<b>001-015-149</b> : Өзге де қорларды сатып алу							Автокөлік бөлшектерін сатып алу					
54511899-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Қозғалтқыш	іштен жанатын, инжекторлық, цилиндрлердің жұмыс көлемі 1000 см3-тан артық, 4 цилиндр	Қозғалтқыш ВАЗ-21213 (1.7 л. 8 кл. 78.9 л.с)	Дана	1	675 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (1)	0	675 000.00
54510640-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Беріліс қорабы	жеңіл автомобиль үшін	КПП УАЗ-452 4 синх. Н / О (бастапқы біліктің диаметрі 35 мм)	Дана	4	175 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (4)	0	700 000.00



54512292-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Белдік бәсендеткіші	жеңіл автомобиль үшін	ВАЗ-21213 алдыңғы ось редукторы	Дана	2	100 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	199 999.99
54512130-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Беріліс қорабы	жеңіл автомобиль үшін	ВАЗ-21074 беріліс қорабы 5 сатылы Н / О	Дана	3	100 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (3)	0	299 999.99
54510946-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Цилиндр блогының бастиегі	жылжымалы құрам үшін	ЗМЗ-40524, 40904 блогының бастиегі, тығыздағышпен және бекітпемен жинақта жинақ	Дана	2	224 999.99	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	449 999.98
54510619-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Беріліс қорабы	жеңіл автомобиль үшін	КПП УАЗ-452, 3303 (5 сатылы)	Дана	3	374 999.99	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (3)	0	1 124 999.97



54512571-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Рессорлы асылғы	жылжымалы құрам үшін	Алдыңғы ВАЗ-21214 аспалы Арқалық	Дана	2	100 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	199 999.99
54512477-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Контроллер	басқару, жеңіл автомобиль үшін	Контроллер ВАЗ-21214	Дана	2	74 999.99	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	149 999.99
54512639-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Бұрмалы құлақ	жеңіл автомобиль үшін	Кулак бұрымалы ВАЗ-2121, 21213 реттелмейтін подшипник жинақталған (22 шлиц)	Комплект	2	100 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	199 999.99
54512008-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	таратқыш қорабы	жеңіл автомобиль үшін	таратқыш қорабы ВАЗ-21213, 21214	Дана	2	150 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	300 000.00



54511853-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Контроллер	басқару, жеңіл автомобиль үшін	Контроллер УАЗ-315195 3М3-40905	Дана	2	125 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	249 999.99
54510706-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Алдыңғы белдік	арнайы және мамандандырылған техника үшін	Алдыңғы белдік УАЗ-374195, 220695 (дв. 3М3-409, гибриді)	Дана	3	350 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (3)	0	1 050 000.00
54513344-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Салқындату жүйесінің радиаторы	жеңіл автомобиль үшін	УАЗ-3162, 390994, 374195, 374108 3 қатарлы мыс радиаторы	Дана	4	74 999.99	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (4)	0	299 999.97
54512250-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Цилиндр блогының бастиегі	жылжымалы құрам үшін	ВАЗ-21214,2123 блок басы жинақта (датчикке арналған тесігі бар) Н / О	Дана	2	150 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	300 000.00



54512179-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Цилиндрлер блогы	жылжымалы құрам үшін	BA3-2106 Цилиндрлер блогы	Дана	2	150 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	300 000.00
54510660-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	таратқыш қорабы	жеңіл автомобиль үшін	таратқыш қорабы UA3-3741, 452 косозубая Н / О	Дана	4	199 999.99	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (4)	0	799 999.96
54512036-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Артқы белдік	арнайы және мамандандырылған техника үшін	Артқы белдік BA3-21213 Н/О	Дана	2	175 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	350 000.00
54510690-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	таратқыш қорабы	жеңіл автомобиль үшін	таратқыш қорабы UA3-315195 Хантер (мосты астында 37/9 жұппен тіс.)	Дана	3	199 999.99	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (3)	0	599 999.97



54513261-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Бүгілмелі білік	жеңіл автомобиль үшін	ЗМЗ-409 иінді білігі (барлық модификациялар) кірістірулермен жинақталған	Дана	2	150 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	300 000.00
54513201-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Рульдік механизм	жеңіл автомобиль үшін	УАЗ-2206, 3741, 3962 рульдік механизмі (шлицтің кіріс білігі)	Дана	2	150 000.00	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	300 000.00
54512775-3ЦП1	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Картер	жеңіл автомобиль үшін	Картер ВАЗ-21213 артқы мост	Дана	2	74 999.99	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Егер келісімшарттарда өзгеше көзделмесе, келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. 2-ая Широкая 44 (2)	0	149 999.99



## Договор о государственных закупках товаров

Восточно-Казахстанская область

№261

Государственное учреждение "Департамент полиции Восточно-Казахстанской области Министерства внутренних дел Республики Казахстан", именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Руководитель Бекпаев Ербол Зарыпханович, действующий на основании Положения и приказа ДП ВКО №103 от 24.02.2022, с одной стороны и Товарищество с ограниченной ответственностью "I.Pixel", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Оглуздин Анатолий Николаевич, действующий на основании Устава, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Запрос ценовых предложений» от 2022-10-14 года № 8448522-ЗЦП1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

### 1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору: по специфике 001-015-149 Приобретение автозапчастей ;

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень лотов и условия поставки товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

### 2 Сумма Договора и условия оплаты

